

№2 ХАТТАМА

2025–2026 оқу жылы

II тоқсан

Өткізілген күні: 30 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: Консультативтік пункт мүшелері, қазақ тілі маманы, ата-аналар.

Күн тәртібі:

1. «Баланың сөйлеу тілін дамыту» тақырыбындағы кеңес.

Әдіскер сөз сөйледі:

Әдіскер Акжигитова У. қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, бүгінгі консультативтік пункттің басты мақсаты ата-аналарға балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары туралы жан-жақты ақпарат беру екенін айтты. Өз сөзінде мектепке дейінгі жаста тіл дамыту жұмыстарының маңыздылығына тоқталып, баланың дұрыс әрі анық сөйлеуі оның жан-жақты дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін атап өтті. Баланың сөздік қоры неғұрлым мол болса, оның ойлау қабілеті, есте сақтауы, қоршаған ортамен қарым-қатынасы да соғұрлым жақсы дамидынын айтты.

Сонымен қатар, әдіскер балабақшада тіл дамыту жұмыстары күнделікті ұйымдастырылып отырғанын, ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін дамыту, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетінін айтты. Бұл жұмыстардың нәтижелі болуы үшін ата-аналардың да белсенді қолдауы қажет екенін ерекше атап өтті.

Әдіскер ата-аналарға бала тәрбиесінде балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы маңызды рөл атқаратынын айтып, баланың жетістігі екі жақтың ортақ еңбегінің нәтижесі екенін жеткізді. Сонымен қатар, баламен күн сайын әңгімелесу, кітап оқу, жаңа сөздерді үйрету, баланың ойын еркін айтуына мүмкіндік беру сияқты қарапайым әрекеттердің өзі тіл дамуына үлкен әсер ететінін айтты.

Сөзінің соңында әдіскер бүгінгі кеңес барысында айтылатын ұсыныстарды күнделікті өмірде пайдалану балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға және мектепке сапалы дайындалуына оң ықпал ететінін айтып, барлық ата-аналарды белсенді қатысуға шақырды.

Тыңдалды:

Тәрбиеші сөз сөйледі:

Тәрбиеші Төребаева Г. мектепке дейінгі кезең баланың сөйлеу тілінің қарқынды дамитын ең маңызды кезеңдерінің бірі екенін атап өтті. Ол баланың сөздік қорының молаюы, дыбыстарды дұрыс айтуы, өз ойын еркін жеткізе білуі және байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптасуы оның

болашақтағы оқу жетістігінің негізі болатынын айтты. Сондықтан тіл дамыту жұмыстары тек балабақшада ғана емес, үй жағдайында да жүйелі түрде жүргізілуі қажет екенін ерекше атап өтті.

Өз баяндамасында маман ата-аналарға баламен күн сайын әңгімелесудің, ертегі оқып берудің, оқылған шығарма бойынша сұрақ-жауап ұйымдастырудың, сурет бойынша әңгіме құратудың, тақпақтар мен жаңылтпаштарды жаттатудың, мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндірудің тіл дамытудағы маңызы зор екенін түсіндірді. Сонымен қатар, сөздік қорын байыту мақсатында қоршаған ортадағы заттарды таныстыру, олардың түсін, пішінін, көлемін сипаттатқызу және күнделікті тұрмыста жаңа сөздерді жиі қолданудың тиімді әдіс екенін айтты.

Тәрбиеші балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін ата-аналардың өздерінің де анық, сауатты және әдеби тілде сөйлеуі қажет екеніне тоқталды. Телефон мен теледидар алдында ұзақ уақыт өткізудің орнына баламен бірлескен ойындар ұйымдастырып, диалог құруға көбірек көңіл бөлуді ұсынды. Сондай-ақ, баланың әрбір дұрыс жауабын мадақтап, ойын толық жеткізуіне мүмкіндік беру оның өзіне деген сенімділігін арттыратынын атап өтті.

Баяндама соңында ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, балалардың дыбыстарды дұрыс айтуы, сөздік қорын дамыту және үй жағдайында тілдік ойындарды ұйымдастыру бойынша жеке кеңестер алды. Қатысушылар берілген ұсыныстардың тиімді екенін айтып, оларды күнделікті өмірде қолданатындарын жеткізді.

Ата-ана сөз сөйледі:

Казах Бахарек бүгінгі өткізілген кеңестің мазмұнды әрі пайдалы болғанын атап өтті. Ол қазақ тілі маманының берген кеңестері арқылы баланың сөйлеу тілін дамытуда отбасының рөлі ерекше маңызды екенін түсінгендерін айтты. Үй жағдайында баламен жиі сөйлесіп, кітап оқып беру, ертегі мазмұнын әңгімелету, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдерді бірге жаттау сияқты жұмыстарды тұрақты жүргізуге тырысатындарын жеткізді.

Сонымен қатар, ата-ана баланың тілінің дұрыс қалыптасуы үшін балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы өте маңызды екеніне келісетіндерін білдірді. Балалардың сөздік қорын дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды күнделікті өмірде қолданатындарын, баланың ойын еркін айтуына мүмкіндік беріп, әрбір жетістігін қолдап отыруға көңіл бөлетіндерін айтты.

Ата-ана осындай кеңестердің жиі ұйымдастырылып тұруын сұрап, мамандардың тәжірибесі мен ұсыныстары бала тәрбиесінде үлкен көмек болатынын жеткізді. Кеңес соңында ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, алдағы уақытта да осындай тақырыптар бойынша кездесулерге белсенді қатысатындарын айтты.

Шешім :

1. Ата-аналарға ұсынылған әдіс-тәсілдерді күнделікті қолдану ұсынылсын.
2. Балалардың сөйлеу тілінің дамуына жүйелі бақылау жүргізілсін.

Хатшы: _____

Төрайым: _____

